

## Женілдік беру туралы

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 мамырдағы № 11-3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 маусымда № 5858 болып тіркелді

“Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы” Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Заңының 44-бабына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. 1996 жылғы 1 қантарға дейін “Отан”, “Данқ” ордендерімен наградталған, айырымның ең жоғары дәрежесі - “Халық Қаһарманы” атағына, республиканың құрметті атақтарына ие болған азаматтарға 1,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы төлемдер түрінде ақшалай мәнде женілдік берілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш аудандық

мәслихатының 11-сессиясының

төрагасы

А. МАХАТОВА

Жалағаш аудандық

мәслихатының

хатшысы

М. ЕСПАНОВ